

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 279 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 маусымда № 7769 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 13.01.2016 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 9-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидалары бекітілсін.

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының магистратурасына іріктеу және қабылдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі № 221 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2864 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 27 қазанда № 133-134 (758) ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жоғары оқу орындарының магистратурасына іріктеу және қабылдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі № 221 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі № 135 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5667 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 22 мамырда № 76 (1499) жарияланған) күші жойылды деп танылсын

3. Кадр жұмысы департаментіне (Ә.Ж. Оразғалиев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуін және мерзімдік басылымдарда жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры М.Г.Демеуовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

М и н и с т р

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

С. Шаяхметов

2012 жылғы 25 мамыр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 8

м а м ы р д а ғ ы

№ 2 7 9 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілді

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Зандарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына оқуға үміткерлерді қабылдаудың тәртібін айқындайды.

2. ПМ жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докторанттарының контингентін қалыптастыру жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

3. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына, PhD докторантурасына оқуға үміткерлерді қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына қабылдау даярлау мамандықтарын көрсете отырып, құжаттарды қабылдау күніне дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады.

5. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына түсушілердің құжаттарын қабылдау жыл сайын 20 маусымнан 20 шілдеге дейін жүргізіледі.

ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына түсу емтихандары жыл сайын 1 тамыздан 20 тамызға дейін, қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі.

2. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

6. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын игерген оқуға үміткерлер қабылданады.

Бұл ретте бейіндік бағыт бойынша магистратура қажетті іскерлік қабілетке ие және жоғары тұрған лауазымдарға жылжыту үшін резервте тұрған, жасы 40-қа дейінгі, ішкі істер органдарында кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, аумақтық ішкі істер департаменттерінің, көліктегі ішкі істер департаменттерінің және қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі – ПД, КПД, ҚАЖД) бөлім бастығынан төмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар ішкі істер органдары қызметкерлерімен жасақталады.

Ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша магистратураға жасы 40-тан аспаған, ішкі істер органдарында практикалық жұмыс өтілі 2 жылдан кем емес ішкі істер органдарының қызметкерлері қабылданады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 29.04.2013 № 303 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

7. PhD докторантураға жасы 40-тан аспаған, ғылыми-педагогикалық магистратураны бітірген және «заң ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі бар, құқық қорғау органдарында практикалық жұмыс өтілі немесе ғылыми-педагогикалық өтілі 3 жылдан кем емес ішкі істер органдарының қызметкерлері қабылданады.

8. ПМ жоғары оқу орындарында құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ПМ жоғары оқу орнының басшысы болып т а б ы л а д ы .

Қабылдау комиссиясының құрамы ПМ жоғары оқу орны басшысының б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і .

9. Магистратураға және PhD докторантураға оқуға түсетін оқуға үміткерлер ПМ, ПД, КПД, ҚАЖД басшысының атына баянат береді.

10. Магистратураға және PhD докторантураға оқуға үміткерлерді іріктеу үшін ПМ, ПД, КПД, ҚАЖД және білім беру ұйымдарының басшыларының бұйрықтарымен іріктеу комиссиялары құрылады.

11. Іріктеу комиссиясы осы Қағидаларды, сондай-ақ магистратураға және PhD докторантураға қабылдау жоспарларын басшылыққа ала отырып, үміткерлерге ұсынған құжаттарды зерделейді, үміткерлердің қабылдау шарттарына сәйкес келуін анықтайды.

12. Іріктеу комиссиясының жұмыс нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

13. Магистратураға оқуға үміткерлерге кадр аппараттары ПМ жоғары оқу орындарына мынадай құжаттарды жолдайды:

1) ж е к е і с і н ;

2) мыналарды қамтитын оқу ісін: еркін нысандағы оқуға үміткердің баянаты;

қызметтің соңғы кезеңі бойынша қызметтік мінездеме және аттестаттау п а р а ғ ы ;

магистратураны аяқтағаннан кейін қызметкерді тағайындау болжанатын лауазым көрсетілген оқуға жіберу туралы іріктеу комиссиясы хаттамасының к ө ш і р м е с і ;

жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);

кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парақ;

3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

086-У нысанындағы медициналық анықтама;

жеке куәлігінің көшірмесі;

ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар бар болған ж а ғ д а й д а) .

14. PhD докторантураға оқуға үміткерлерге кадр аппараттары ПМ жоғары оқу орындарына мынадай құжаттарды жолдайды:

1) ж е к е і с і н ;

2) мыналарды қамтитын оқу ісін:

еркін нысандағы оқуға үміткердің баянаты;
қызметтің соңғы кезеңі бойынша қызметтік мінездеме және аттестаттау
п а р а ғ ы ;

Phd докторантураны аяқтағаннан кейін қызметкерді тағайындау болжанатын
лауазым көрсетілген оқуға жіберу туралы іріктеу комиссиясы хаттамасының
к ө ш і р м е с і ;

кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы;
жеке куәлігінің көшірмесі;
білімі туралы құжаттың көшірмесі;
3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
086-У нысанындағы медициналық анықтама;
осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанда болжанған отандық
немесе шетелдік ғылыми консультанттармен келісілген жоспарланған
диссертациялық зерттеулер негіздемесі;
осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест
тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);
ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса).

3. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына түсу емтихандарын өткізу тәртібі

15. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD
докторантурасына оқуға түсетін оқуға үміткерлер түсу емтихандарын:

- 1) таңдауы бойынша бір шет тілінен (ағылшын, француз, неміс);
- 2) мамандық бойынша тапсырады.

16. Мынадай емтихандар бойынша:
ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing
Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language
Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл –
кемінде 87), (TOEFL, шекті балл - кемінде 560 балл), International English
Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0);
неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/
C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);
француз тілі: Test de Francais International™ (TFI – оқу және тыңдалым
секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue
francaise (DELFF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue francaise (DALF, C1
деңгейі), Test de connaissance du francais (TCF – кемінде 400 балл) бойынша Шет
тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет
тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар оқуға үміткерлер

магистратураға және PhD докторантураға шет тілі бойынша түсу емтиханынан б о с а т ы л а д ы .

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2013 № 472 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен қолданысқа енгізіледі).

17. Шет тілдері бойынша түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша өткізіледі.

18. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына түсу емтихандарын өткізу кезеңіне қабылдау комиссиясы және мамандықтар бойынша емтихандық комиссиялар құрылады, олардың құрамы ПМ жоғары оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Магистратураға және PhD докторантураға түсушілер үшін мамандық бойынша емтихан білімінің алдыңғы деңгейінің кәсіптік оқу бағдарламаларының көлемінде өткізіледі. Мамандық бойынша түсу емтиханын өткізу нысанын жоғары оқу орны дербес айқындайды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2013 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

19. Мамандық бойынша емтихан комиссиясы тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежесі бар ПМ жоғары оқу орындарының, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың қызметкерлерінен қалыптастырылады.

Мамандық бойынша емтихан комиссиясының құрамы төраға және үш мүшеден тұрады, оның екеуі ғылым докторы болып табылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2013 № 472 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен қолданысқа енгізіледі).

20. Алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2013 № 472 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен қолданысқа енгізіледі).

21. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

22. Магистратураға және PhD докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген оқуға үміткерлердің өтініштерін қарау үшін құрылады.

Апелляциялық комиссияның құрамы төрағадан және комиссияның екі

мүшесінен тұрады және ПМ жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия ПМ жоғары оқу орындарының, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың қызметкерлері қатарынан қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2013 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Апелляциялық комиссия магистратураға және PhD докторантураға түсетін оқуға үміткерлерден емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

24. Апелляцияға берілетін өтінішті магистратураға және докторантураға түсуші үміткер апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір күнтізбелік күн ішінде қарастырады.

Апелляциялық комиссия әр үміткермен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Үміткер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

25. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген үміткер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

26. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

4. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына қабылдау

27. Магистранттар мен PhD докторанттары қатарына қабылдауды ПМ жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 03.07.2014 № 398 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

28. ПМ жоғары оқу орындарының магистратурасына және PhD докторантурасына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу

емтихандарының қосындысында осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша 150 балдан кем емес ең жоғары балл жинаған оқуға үміткерлер қабылданады.

Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаты бар оқуға үміткерлерге бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша ең жоғары балл қосылады.

29. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде басым құқық мамандық бойынша ең жоғары баға алған оқуға үміткерлерге беріледі, егер мамандық бойынша түсу емтихандарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқық мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша ең жоғары баға алған үміткерлерге беріледі. Содан соң таңдаған мамандығының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері ескеріледі.

30. Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде ПМ жоғары оқу орнының басшысы ішкі істер органдарынан жоғары оқу орнының қарамағына қызметке жіберу үшін негіз болып табылатын магистратураға және PhD докторантураға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

30-1. Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындары осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша магистратураға және PhD докторантураға қабылданған қызметкерлермен Білім беру қызметін көрсетуге келісім-шарт (магистратура/PhD докторантура) жасайды.

Ескерту. Қағида 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.04.2013 № 303 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

31. ПМ жоғары оқу орындары бастықтарының оқуға қабылдау туралы бұйрықтарынан көшірмелер оған қол қойылғаннан кейін он күнтізбелік күннен кешіктірілмей оқуға жіберген ішкі істер органына жіберіледі.

32. Магистратураға және PhD докторантураға оқуға қабылданбаған үміткерлердің жеке істері және басқа да құжаттары жасақтау орындарына қ а й т а р ы л а д ы .

33. ПМ жоғары оқу орындары он күнтізбелік күн ішінде ПМ Кадр жұмысы департаментіне қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ магистратураға және PhD докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсыну үшін ұсынады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және іріктеу қағидаларына 1-қосымша нысан

Жоспарланған диссертациялық зерттеулер негіздемесінің нысаны

1. Оқуға үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), арнайы атағы, лауазымы.
2. Болжанған отандық немесе шетелдік ғылыми консультанттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс істейтін жоғары оқу орны.
3. Жоспарланған диссертациялық зерттеудің тақырыбы.
4. Жоспарланған диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.
5. Ғылыми проблеманың әзірлену деңгейі.
6. Жоспарланған диссертациялық зерттеудің мақсаттары және міндеттері.
7. Жоспарланған диссертациялық зерттеудің объектісі және мәні.
8. Жоспарланған диссертациялық зерттеудің әдіснамасы.
9. Диссертациялық зерттеулерден күтілетін нәтижелер, олардың теориялық және практикалық маңыздылығы. Оларды енгізудің және апробация жасаудың болжанатын бағыттары.

Ескертпе: Жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі компьютерлік техника құралдарының көмегімен Times New Roman 14 көлемдегі шрифтпен бір жол аралық интервалмен басылады, негіздеменің көлемі кемінде үш бет болуы тиіс.

(оқуға үміткердің қолы, тегі, аты-жөні, әкесінің аты)

К е л і с і л д і

(ғылыми консультанттың қолы, тегі, аты-жөні, әкесінің аты)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және іріктеу қағидаларына 2-қосымша

**Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша
бағаларды ауыстыру жүйесі**

Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша балдар	Бағалаудың 4 балдық шәкілі бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	Жақсы (4)
80-84	
75-79	
70-74	Қанағаттанарлық (3)
65-69	
60-64	
55-59	
50-54	Қанағаттанарлықсыз (2)
0-49	

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларына 3-қосымша нысан

**Білім беру қызметін көрсетуге келісім-шарт
(магистратура/PhD докторантура)**

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.04.2013 № 303 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

_____ қ. 20 ____ ж. " ____ "

_____ мекенжайы бойынша орналасқан
_____ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № _

_____, 20 ____ ж. « ____ » _____

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген лицензия
№ _____ сериясы _____ 20 ____ ж. « ____ » _____

_____ Жарғы негізінде әрекет ететін, одан әрі «Білім беру ұйымы» деп аталатын, бір тараптан, және _____

_____ қызметкер

(арнайы атағы, тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда) одан әрі магистрант/PhD докторант» деп аталатын, екінші тараптан,

(ИД, КИД, ҚАЖД, ИМ білім беру ұйымының атауы)

_____ тұлғада,
_____ негізінде әрекет ететін, одан әрі «Тапсырушы» деп аталатын және _____ қызметкердің мүддесінде,

(арнайы атағы, тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда) әрекет ететін екінші тараптан, төмендегілер туралы осы келісім-шарт жасады:

I. Келісім-шарттың мәні

1. Білім беру ұйымы өзіне жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша магистратураның/PhD докторантураның білім бағдарламалары бойынша білім алушының оқуын ұйымдастыру бойынша міндеттерін алады.

Мамандықтың шифры және атауы: _____

II. Тараптардың құқықтары және міндеттері

2. Білім беру ұйымы :

1) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес магистрантты/PhD докторантты конкурстың қорытындылары бойынша қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқытуды қамтамасыз етуге;

3) магистрантқа/PhD докторантқа оқуға жіберілгенге дейін атқарған соңғы штаттық лауазымы (уақытша атқарған емес) бойынша лауазымдық айлықақысының жетпіс пайызы мөлшерінде лауазымдық айлықақы ай сайын төлеуге міндетті.

3. Білім беру ұйымы :

1) магистранттан/PhD докторанттан осы Келісім-шартқа, Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне және Жарғысына сәйкес міндеттерін адал және тиісінше орындауды талап етуге;

2) магистрантқа/PhD докторантқа оқу және жеке жоспарын

орындамағаны үшін, Ішкі тәртіп ережелерін және Жарғыны бұзғаны үшін оқудан шығаруға дейінгі тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) магистранттың/PhD докторанттың оқу жетістіктерін тексеру мақсатында ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысанын анықтауға
қ ұ қ ы л ы .

4. Магистрант/PhD докторант:

1) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының көлемінде білімді, іскерліктерді және практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) білім беру ұйымы басшысының бұйрықтары мен өкімдерін, Ішкі тәртіп ережелері мен Жарғысын және осы Келісім-шарттың шарттарын сақтауға және орындауға;

3) отбасы жағдайы, тұрғылықты орны, телефоны өзгерген жағдайда жоғарыда көрсетілген жағдайлар басталған сәттен бастап ол туралы үш жұмыс күні үшін хабарлауға міндетті.

5. Магистратурада/PhD докторантурада білім алу кезеңінде:

1) мынадай бөлімдерді:
жеке оқу жоспарын;

ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысын (тақырыбы, зерттеу бағыты, есептілік мерзімі және нысаны);

практиканы (бағдарлама, база, есептілік мерзімі және нысаны);

негіздемесі мен құрылымы бар магистрлік/PhD докторлық диссертациялар тақырыптарын;

магистрлік/докторлық диссертацияларды орындау жоспарын; ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспарын қамтитын жеке оқу жұмыс жоспарын орындау;

2) білім беру ұйымы белгілеген мерзімде жеке жоспардың орындалуы туралы есеп беру;

3) аралық аттестаттаудан өту;

4) магистрлік/докторлық диссертацияларды даярлау;

5) диссертацияны сараптамалық кеңеске ұсыну;

6) қорытынды аттестаттаудан өту: кешенді емтихан тапсыру, көпшілік алдында магистрлік/докторлық диссертацияны қорғау;

7) оқуды аяқтағаннан кейін мақсатты даярлау шеңберінде оқуға жолдаған ИМ, ПД, КІД, ҚАЖД-да кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек.

6. Магистрант/PhD докторант:

1) магистратураның/PhD докторантураның білім беру бағдарламасымен көзделген тапсырмаларды орындау мақсатында білім беру

ұйымының материалдық-техникалық жарақтарын пайдалануға;
2) ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға қатысу, басылымдарға, оның ішінде білім беру ұйымының басылымдарына өзінің жұмыстарын ұсынуға;
3) жоғары оқу орнынан кейінгі оқу процесін ұйымдастыру мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіру, оқытушылардың жеке құрамы бойынша ұсыныстарды кез келген түрде (жазбаша, ауызша) енгізуге құқылы.

III. Ерекше жағдайлар

7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқан магистрант/PhD докторант үшін оқуды аяқтаған кейін үш жыл

(ИМ, ИД, КИД, ҚАЖД, ИМ білім беру ұйымдарының атауы) _____

жұмыс істеуі міндетті шарт болып табылады.

8. Тапсырыс беруші магистрантты/PhD докторантты оқуды аяқтағаннан кейін оқуға жіберілгенге дейінгі лауазымнан төмен емес лауазымға тағайындайды.

9. Магистрант/PhD докторант оқудан шығып кеткен, ауысқан немесе қайтадан оқыту курсына қалған жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алу құқығынан айырылады.

IV. Тараптардың жауапкершілігі

10. Тараптар өзінің міндеттерін осы Келісім-шартта көзделмеген жағдайларды орындамағаны не болмаса тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапты.

11. Келісім-шарттың 7-тармағын орындамағаны үшін магистрант/PhD докторант өзінің білім алуымен байланысты республикалық бюджет шығындарының орнын толтыруға міндетті.

V. Дауларды шешу тәртібі

12. Осы Келісім-шартты орындау үдерісінде туындайтын келіспеушіліктер мен даулар, өзара қолайлы шешімдерге келуі мақсатында тараптар тікелей қарайды.

13. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шешіледі.

VI. Шарттың қолданыс мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі

14. Осы Келісім-шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және оқу аяқталғаннан кейін оны жіберген ИМ, ПД, КПД, ҚАЖД бөліністерінде, ИМ білім беру ұйымында кемінде 3 жыл жұмыс істегеннен кейін күшін жояды.

15. Осы Келісім-шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

16. Осы Келісім-шарт бірдей заңды күшке ие үш данада мемлекеттік/орыс тілдерінде жасалады және бір данадан білім беру ұйымдарына, магистрантқа/PhD докторантқа және тапсырыс берушіге беріледі.

Білім алушы:	Білім беру ұйымы:
ТАӘ _____	Банктік деректемелер: ЖСК _____ БЖК _____ ЖСН _____ БСН _____ 16 код _____
Жеке куәлігі № _____	
ЖСН _____	
Мекенжайы _____	
Телефоны _____	
Электрондық поштасы _____	
Білім алушы _____	

Тапсырыс беруші:

е/ш _____
БЖК _____
ЖСН _____
Мекенжайы _____

Бастық _____

Білім беру ұйымының Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен, Ішкі тәртіп ережесімен, осы Келісім-шартпен таныстым.

(білім алушының қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК